

Осы жерде осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын айтылған М.Дулатовтың «Бүгінгі қазақ елі екі жолдың тарауында тұр. Біреуі- құлдық жолы, екіншісі- жұрттық жолы» дегені ойға оралады. Бізге керекті, әрине, «жұрттық жолы». Бұл жолға түсу үшін Ататүркі айтқандай, «Қай кезде де ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеге басымдық беруіміз керек. Халықаралық саясат, еларалық жағдай – мұның бәрі ұлттық мұратпен ұлттық мүддеден төмен тұруы керек». Әдебиетте де солай.

Резюме

В статье рассматривается специфика литературы и искусства в период техногенной эпохи. Литература прежде всего - искусство слова. В этом отношении национальное своеобразие искусства предельно ясно. По мнению автора постмодернистические теории в основном направлены на уничтожение национальных свойств художественной словесности.

Summary

The specificity of art and literature during the technological era is considered in the article. Above all the literature – is the art of word. In this respect the national originality of art is clear. According to the author's opinion the postmodernist theories are mainly aimed at the destruction of national properties of art literature.

И. ЖЕМЕНЕЙ,

Филология ғылымдарының докторы,

Сүлейман Демирел атындағы университеттің профессоры

ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Тікелей қазақ тарихына арналған жазба деректер кездесе бермесе де көңіл бөлерліктей қытай, араб, орыс, ағылшын, түркі және парсы тілдерінде табылады. Алайда соның бәрі жүйелі түрде жинақталып, қазақ тілінде сөйлеп, талданып ғылыми айналымға түспей келе жатқаны да өкінішті жағдай екендігі анық. Соңдай жазбалардың бірі «Мейманнаме Бұхара» кітабы. Аталған кітапты автордың өзі «Бұхара сапарнамасы» деп атаған болса да Мұхаммед хан Шейбанидің (1449-1510) бұйырығымен «Мейманнаме Бұхара» деп аталды. Кітаптың басым бөлігі Мұхаммед хан Шейбанидің билік еткен дәуірінің оқиғаларын қамтығаны үшін кейінірек зерттеушілер «Мұхаммед Шейбани патшалығының тарихы» депте атап кетті.

Кітап авторының толық аты-жөні Фәзлалла ибн Рузбеһан ибн Фәзлалла Әмин Әбу әл-Хайыр ибн Әминеддин Хәнжи Ширази, маулана Исфәһани лақап есімі Әмин болып танылады. Оны Мауароннәһрде Хәже

Молла немесе Хаже Маулана Исфәһани деген атаулармен де таныған. Оның туған жері иранның Фарс уалаятының Ларестан аймағына қарасты Хәнж ауылы. Кейін Исфәһан қаласында бір шама уақыт тұрған. Сол үшін сол заманның дәстүрі бойынша есіміне қосымша Ширази, Хәнжи, Исфәһани сынды лақап аттар жалғанып келген. Қысқаша айтқанда Фәзлалла ибн Рузбәһан Хәнжи деп аталады. Ол 850-860 һижри жылдар аралығында дүниеге келіп 928 жылында қайтыс болған (1456-1466,1533 милади). Фәзлалланың әкесі Рузбәһан Исфәһан қаласында тұрған кезде әйгілі ғалымдардың қатарында зор құрметке ие болған. Ақ қойыншылар билікте болған сол кезде Қажы Бек деген біреу Исфәһанда бүлік шығарған. Бүлік басылып, тыныштық орныққан соң Ақ Қойыншы үкіметінің сұлтаны Жақып Баяндүр астанасы Тәбриз қаласына оны алдырып, ерекше құрметке бөледі. Рузбәһан сонда аталмыш сұлтанға арнап «Сәмәрет ол-әшжар» атты өлең жинағын шығарды.

Фәзлалланың аталмыш кітапты жазуының себебі оның өмір сүрген заманының тарихи оқиғалары негіз болды. Өйткені сол дәуірде иранның саяси билігі шийт мәзһабын мемлекеттің ресми мәзһабы етіп қабылдаған Шейх Сәфидің әулеттерінің қолында болды. Сәфи династиясы билікке келгенше иран елінің басым көпшілігі сүнни мәзһабында болған. Әсіресе Исфәһан аумағында сүнни мәзһабын қатаң ұстанған мұсылман жамағат елге әйгілі болыпты. Сәфилер билікке келгенде сүннилерді аймастан қырғынға ұшыратқан. Сол үшін Мауароннәһрде сүнни мәзһабына берік Мұхаммед Шейбани билік тізгінін өз қолына алған кезде ирандағы Сефи патшалығына қатаң саясат ұстанды. Сөйтіп екі жақ екі түрлі мәзһабтағы екі билеуші ретінде бір-біріне қарсы қанды жорықтар, аяусыз күрестер жүргізіп жатты. Оған айғақ иран патшасы шаһ Исмайыл қалың қолмен Хорасанға жорық жасап Мұхаммед Шейбаниды Мәрв қаласында қоршауға алды. Шейбани иран әскерінің қысымына шыдас бере алмай Мәрв қамалын паналады. Бірақ сабырға салып, уақыт өткізе алмай Исмайылдың алдауына түсіп, қамалдан шығып Мәрв қаласынан үш фәрсәх қашықтығындағы Махмұд абад ауылының маңында кескілескен шайқасқа кірісіп, соңында үлкен жеңіліске ұшырады. Өзі соңғы деміне дейін аянбай соғысып, қаза тапты. Оның мейітін шаһ Исмайылдың алдына алып барғанда ол басын денесінен бөліп тастап, басының терісін сабанбен толтырып османлы патшасы Сұлтан Баязидке жіберді. Сөйтіп шейбанидің одақтасы османлыларға да қыр көрсетті. Ал, бас сүйегін алтынмен қаптап шарап кесесіне айналдырды. Бұл шийттердің оған қарсы асқан өшпенділігінің жаңғырығы іспеттенді.

Кітаптың авторы сүнни мәзһабта болғандықтан барлық өмірін шийттерге қарсы күресіп өткізді. Сол үшін ұдайы Араб, Иран мен Түркістан шаһарларына сапар шегумен болды. Ең соңында өзінің «Аләмарайе Әмини» кітабында Шаһ Исмайыл Сәфәвидің үлкен атасы шийт мәзһабының иранда негізін қалаушы Шейх Сәфиді қатты сынап жазған үшін шийттердің

қысымынан сақтанып ираннан кетуге мәжбүр болды. Сондықтан Исфahanнан Иракқа сосын Хорасан арқылы Мауароннәһрге барып, сонда Мұхаммед Шейбани сарайында оның жақын адамдары қатарында оған қолдау көрсете жүріп, 1508 жылы «Михманнаме Бұхара» кітабын жазуға кірісіп, бір-екі жыл шамасында аяқтады. Автор «Михманнаме Бұхара» кітабын Бұхара шаһарында жазуға бастағанымен Герат қаласына көшіп жазуын сонда жалғастырып, тамәмдаған.

Фәзлолланың өмірі мен шығармасы жөнінде мәлімет беріп, еңбегін талдаған ондаған автор мен зерттеушілердің кітаптарын айтуға болады. Оның ішінде «Мехманнаме Бұхара» қолжазбасының текстологиясын жасап, автордың өмір баянын кеңінен зерттеп жазған ирандық ғалым Мәноучеһр Соғуденің еңбегі айрықша мәнге ие.

Кітаптың екі қолжазбасы бар. Бірі- Станбул қаласы, «Нұр османи» кітапханасы. Екіншісі- Ташкент қаласы, «Бируни» атындағы шығыстану институтының қолжазба қорында сақтаулы тұр.

Фәзлолланың аталған кітаптан басқа «Аләмараһе Әминни», «Солук ол-молук», «Парсы қасидасы», «Түркі қасидасы», «Шейбани нәсәбнамесі» дін саласындағы «Кәлам» тақырыбына арналған шығарма. Фәзлолланың еңбектерінің жалпы саны қолда бар қолжазбаларға қарағанда жиырма бірге жетеді.

Біздің сөз етіп отырған «Мехманнаме Бұхара» кітабы елу төрт әңгімеден тұрады. Оның ішінде отыз сегіз әңгіме тарихи тақырыпқа арналған, он үш әңгімесі фикһ пен кәлам жайын сөз етеді, екі әңгімесінде кітап авторы жайлы айтылады, бір әңгімесі хұтпа мен алғы сөзді қамтиді. Кітапта қазақтың атын атап жазылған оншақты тарау бар. Олар: «Қазаққа жорық жасауға түрткі болған істер жөнінде әңгіме», «Арғық қамалынан Қазақ өлкесіне бет алу жайында әңгіме», «Түркістан қалалары мен қазақ өлкесінде болған оқиғалардың мән-жайы туралы әңгіме», «Қазақ өлкесіне әзіреті халифа ар-раһманның (Мұхаммед Шейбани) қоңіл бөлуі жайлы әңгіме», «Қазақтың наным-сенімдері мен істерінен мәлім болғанына орай оларды қыруға болған пәтуа хақында әңгіме», «Әзіеті халифа ар-раһманның үшінші рет қазаққа жорық жасау себептері жайында әңгіме», «Әзіеті халифа ар-раһманның Сығанақ маңынан Қазақ ұлысына қарай бет алуы туралы әңгіме», «Әзіеті халифа ар-раһманның Қазақ елінің дәл ортасы Қара Абдал мекенінде орда тігуі, әрі содан сұлтандарын Жаныш сұлтанның уалаятына жорық жасауға жіберуі жөнінде әңгіме», «Сұлтандардың қазақ сұлтан Жаныштың ұлысын тонауынан кейін әскерлерінің хан ордасына оралуы жайында әңгіме», «Шығыс күнінің бейнесі Қазақ өлкесінен Сығанақ уалаятына қарай қайтуы жайлы әңгіме», «Қазақты жеңген жылында Кәлат қамалында жаулап алу туралы әңгіме» сынды тараулар. Ал, кітаптың басқа да тарауларында қазақ туралы көп әңгіме айтылады.

Бұл кітаптың қазаққа қатысты маңызын сезіну үшін бір әңгімесін оқырманға ұсынамыз. Ол « Қазаққа жорық жасауға түрткі болған істер жөнінде әңгіме» атты тарауы: Қазақ хандары әлем ханы Шыңғыс ханның әулеттерінен тараған. Бұл пақыр ол жайлы Әзіеті халифа ар-рахманның шежіренамесінде жазғанымдай әлем падишасы Шыңғыс ханның төрт ұлы болған, олардың ішінде ең үлкені Жошы ханның он үш ұлы болды. Солардың бірі Шабан баһадүр хан, оның үш баласы болған, бірі Баниял баһадүр. Баниялдың он ұлы болды, бірі Пенсу Бұға, оның бес ұлы болды, бірі Жошы Бұға. Жошы Бұғаның Бадағұл деген бір ұлы болған, оның алты ұлы болды, солардың бірі Мың Темір хан. Мың Темірдің екі ұлы болған, Полат сұлтан соның бірі. Полаттың үш ұлының бірі Ибраһим сұлтан тағы бірі Қызыр хан. Ибраһимның жалғыз ұлы Дәулет шейх сұлтан. Дәулеттің бір ұлы Әбу әл-Хайыр хан, ол әлем ханы. Алланың шапағатының арқасында оның бауырбасқан ардақты он ұлы болды. Оның бірі шаһ Бұдағ сұлтанның Мұхаммед Шейбани хан мен Махмұд сұлтан атты ұлдары болды. Сондай-ақ Өзбек деп аталатын тайпа, олар Шыңғыс ханның әйгілі ұлысы. Олар (Өзбек) үш топқа бөленеді. Бірі- Шабанилар, Шейбани хан атадан атаға хан болған осы тектен. Екіншісі- Қазақ тайпасы, олардың күш-қуаты мен парасаты әлемге мәшһүр. Үшіншісі- Маңғыт жамағаты, олар Қажы Тархан патшалары болып танылады. Өзбек мемлекетінің шекарасы бір жағы мұқитқа, бір жағы Түркістанға, бір жағы Дәрбәндке, бір жағы Харезмге, бір жағы Әстәрабадқа дейін жетеді. Аталған территорияның бәрі Өзбектің жайлау мен қыстауы болып табылады. Үш тайпаға бөлінген Өзбек хандары ұдайы бір-бірімен ұрысып, бірі біріне шабуыл жасап отыратын, сонда бірі жеңіп шықса қолына түскен тұтқынды сататын болған. Қарсы жақтан қолға түскен мал мен отбасы мүшелерін олжа ретінде халал деп санайтын. Бұл бәріне қалыпты жағдай болғандықтан кімде кім олжалау үрдісті жоққа шығарар болса, ол адамды олжаны қадір тұтпайтын есалаң деп санайтын. Әр бір адам өзіне тиесілі олжаны мойыдатса, оны еш бір кедергісіз нарықтағы бағамен құнын анықтай алады.

Бұл тайпалар арасында хандар аса үлкен беделге ие болған. Әр бір тайпа Шыңғыс ханның әйгілі ұлықтарын Сұлтан деп атаған. Олардың арасынан ең ұлысын Хан деген. Хан падишалардың патшасы, бәріне үкімі жүретін болғандықтан оның бұйрығын бұлжытпай орындау қажет болған. Жалпы алғанда қазақтардың барлығы Шыңғыс ханның ұлысы. Қазақтардың сұлтандары мен хандары Шыңғыс хан әулетінен әрі Мұхаммед Шейбанидің арғы атасы Шабанилармен туған-туысқан болып келеді. Сондай-ақ барлық сұлтандар әлем сұлтандары саналады. Осы жылы Бұхара жиналғандар әзіреті ханның(Мұхаммед Шейбани) тегіне жатады. Тегіне қатысты бөлек шежіреде реттеліп, жинақталды. Мейрам күндері аяқталған соң мәртебелі әзіреті хан кеңесу салты бойынша түркі шағатай тілінде ұлық дәрежелі сұлтандармен қазақ мемлекетіне жорық жасау жөнінде сөз сөйлеп, оларды

ынтымақта болуға әрі оларға қарсы жиһад етуге бір ауыздан келісімге келулеріне қозғау салып, үгіттеді. Өйткені өткен жылы Жаныш хан әулеттері әдептен озып, Бұхара мен Самарқан уалаяттарына жорық жасап, Ислам қалаларынан құл етуге адамдарды алып кеткен еді. Олар өз араларында мұсылманды құл ретінде саудаға салуды дұрыс деп тапқан, ал, бұл пікірге олардың сұлтандары да көнген екен. Олардың бұндай іс-әрекеттерінен белгілі болғандай оларға қарсы ғазуатқа шығу халал болып табылады. Қазіргі кезде Алла тағаланың берген шексіз ілтипаты мен илаһи тағдырдың жемісі болар Әбілхайыр хан ұрпақтарының сұлтандары түгелдей Бұхараға жиналған. Сөйтіп патшалық мейір мен қайырына бөленіп, нығмет пен игіліктің қазнасынан әр кім сұлтандық мәртебесінің ерекшелігіне сәйкес сый-сияпатқа кенеліп, лайықты қонағасында Бұхарада бәрекеді бас қосуға ұлық сұлтандарының бірі Жаныш баласына ат салыспасқа? Неге қазақтың бермеске? Неге олардың салтанат шаңырағының іргесін соқпеске? (ханның сұлтандар мен мәртебелі ханзадалардың әр бірі патшалық тағының иесі болып шығыс елдерінің қуатты бір бөлігін басқарып отырған болғандықтан сақадай-сай дайын тұрған қосынының шексіз санына, сән-салтанатына адам санасы таң қаларлықтай жағдайда тұрып (Шейбани ханның) алдына бас иіп, қызмет етуге бел буып, ханның шапағатты шешіміне бәрекеді деумен қошаметтеп жатты.

Келесі күні мәртебелі әзіреті хан Мауароннәһр мен Хорасан ғалымдарын шақыртты. Солардың қатарында мен пақыр да болдым. Онда «Қазақ ғазуатына қатысқандар Ғази(соғыс ардагері) атағына лайық па? емес пе?» деген мәселесіне пәтуа жазылсын, олар пұтқа табынушылар ғой деп бұйырды. Ғалымдар қазақтың күпірлікке орай себептеріне қанық болған соң егерде қазақтардың көпір болғандары дәлелденсе олармен соғысу көпірмен соғысқандай сауапқа тең екендігіне пәтуа шығарды. Сөйтіп пәтуаны әзіреті ханға тапсырды.

1508 жылдың Шаввал айының жұма күнінде қазақпен шайқасуға бет алды. Барлық сұлтандарға өз өлкелеріне оралып, Түркістанда мұбарак (ханмен) үзеңгілесін деп әмір етті. Баққа бөленген әзіреті сұлтандар «мақтаулы оралу» аталу датаға риза күйімен жан-жаққа тарап елдеріне қайтты. Олар әлемді жаулаушы (ханның) тұлпарына үзеңгілес боламын деген құлшыныспен уәде орнына тездете жетейін деп ынта арғымағына отырып шауып жөнелді.

Әлемнің мәртебелі әзіреті ханы ізет пен бақ аттарына мініп, Шаввал айының сегізі, дүйсенбі күні таң сәріде Бұхара шаһарынан Қожа Бәһаеддин Нәқшбәндтың мазарына қарай бет алды. Аталған мазар Бұхара шаһарынан екі фәрсәх(әр фәрсәх алты шақырымға тең келеді) қашықтықта орналасқан. Ол мекеннің аты « Қәср-е арыфан» (сопылар сарайы) деп аталады. Сол күні

таңғы мезгілінде күн сәулесі жомарттық көкжиегінен шыққандай кезінде олар шығыс жаққа жүріп отырды. Шығыс өлкелерін жаулаймын деген ниеті, дәутет пен бақыт бейнесінде бақ үйінен шыққандай Бұхара, Герат қалаларының ұлы ғалымдары, әмірлері мен мәртебелі ұлықтары һәм Мауароннәһр жұртының бетке ұстар адамдарымен ханның маңы сәңденген еді. Мәртебелі (хан) мәжілесіде шейх ол-ислам қожа Әбул-нәсір Парса да болды. Ол ұлы қожа (Әһрар) Парсаның әулеттерінің бірі еді. Мен пақыр Хорасан ұлыларының қатарында бір жақта отырғанбыз. Мүбарак (ханның) мәжілесі құрылғанда бұл пақыр мынадай сөз айттым: « Бүгін дүйсенбі күні. Әзіреті пайғамбардың (с.ғ.с) сапарлары көбінесі дүйсенбі күні болған. Дүйсенбі күні ғазуатқа жүру сүннетпен сәйкес келеді. Тағысы Әзіреті пайғамбар(с.ғ.с) бір жаққа әскер жөнелткен кезде «сәби, әйел мен қарияларды өлтімендер. Тек қана Алла Тағаланың жолында шайқасыңдар» деп бұйырды, дедім». Сосын қожа Парсаға бет бұрып: « Хорасан ғалымдары олардың пұтқа табынуы дәлелденгеніне төре әрі құлдықты халал деп есептегеніне орай бұл ғазуат сапары деген пәтуа шығарды. Ендігі мәселе бұл ғазуат Әйін парзы ма? Немесе Кефайе парзы ма?» деген сұрақ туындайды дедім. (Әйін парзы- жалпы парыз, әр бір мұсылманға тікелей жүктеліп өтелуі борышты болып саналатын парыз. 494б) (Кефайе парыз- жалқы парыз, жалпы мұсылманға парыз бола тұрса да кейбір мұсылмандардың іске асыруы арқылы мұсылманның мойнынан түсетін парыз. 495б)) Сонда қожа Парса : « Кефайе парызы тәрізденеді, өйкені бір топтың баруымен нәтижеге қол жеткізеледі» деп бұйырды. сосын мен пақыр: « қате айттыңыз, Әйін парыз. өйткені қашанда кәпірлер Ислам елдерінің бір аймағына шабуыл жасаса, әр бір кісіге(мұсылман) ғазуатқа қатысуға уәжіп болып саналады. Бұл бірігудің жолы, шарифатта «нәфир һәм»(халықтың зары) делінеді. Олар (қазақтар) Бұхара уалаятына көңіл бөліп отырғандықтан жорық жасап, Ислам елінен адамдарды құлдыққа алып кететін болғаны үшін барлығына олардың елін шабуылдауға әрекет жасау парыз болады» деп жауап қайырдым. (тыңдап болған соң) Дос-жарандар үнсіз қалды. Сонда мен пақыр: «Бұл сапарда бар адамдарға әзіреті ханмен жол серік болу уәжіп. Әзіреті хан құптаса болғаны мен пақыр бұл сапарға құлшына қызмет жасаудан тайынбаймын» дедім. Мен бұданда бұрын да сарай басшысы жоғары мәртебелі Хаже Махмұдқа: « Сәті түскен жағдайда (ханға) пәленше Иракқа қарай жорыққа шыққанша хан құзырында қызметін жалғастыра береді. Өйткені Қызыл бөріктілермен жауласу, оларды қырып, жеңіске жету әлде қайда кәпір екендіктері анық Фәрәнг тайпаларымен ғазуат жасаудан төре дұрыстау әрі өте ақылға қонымдылау болып тұр. Алайда қазақ арасында шаһадат кәлимасын құптаушы бар. Ал, Рим мен Харамин ғалымдар одақтас» дегенмін.

Мен пақырдың Қызыл бөрік тайпасы (Қызыл бөрік- шейх Сәфи әулеттері сәфилер яғни сәфәвилер иранда билік еткенде әскерлері қызыл

баскиім киетін болғандықтан оларды қызыл бөрік кейде қызыл бас деп атаған. Қазақтар болса тұтастай иран жұртын «қызыл бас» деп атаған. Оны Қобыланды батыр дастанында кездестіре аламыз.) Фэрэнг кәпірлерінен (Фэрэнг немесе Әфрәнж- европалықтарға айтылады) жамандау екендігін айтып, олармен соғысу Фэрэнг кәпірлермен шайқасудан тәуірдеу деп пәтуа бергенім бар. Үйткені Фэрэнгпен ғазуат кефайе парызы, ал (шийттермен) әйін парызы. Сондай-ақ фэрэнгтермен шайқасу пағыз кәпірлермен шайқас (шийт сәфиермен) шайқас Ислам елдеріндегі ислами негіздеріне жаңалық енгізіп, күпір айтушылармен шайқас болып табылады. Алайда қазақты жаулау реті қызыл бөріктілермен соғысудан алда тұрған болғандықтан қазақпен ғазуаттың уәжіп екендігін бастапқы уәжіп шаруа деп өзіме де раһман халифамен (Шейбани хан) үзеңгілес болуға жолға шықтым. Өзімді Алла тәуфиқ бергей» деп Фәзлолла кітаптың бұл тарауын аяқтайды.

Фәзлолла еңбегінің құндылығы автор қазақтар мен қазақ даласын көзбен көрген әрі Мұхаммед Шейбани мен Қазақтар арасында болған оқиғаларына мейлінше қанық. Сондықтан автор өз жазбаларында қазақ халқының саяси, бергендей сезіледі. Автор Қазақ халқының тегін де туысқан халықтармен қатыстылығын да тамаша әңгімелеп береді. Онда кейінгі жылдары Өзбек, ие болғанын нақтылап жазады. Олардың түбі бір атадан болғандары үшін тарихнамаларда кейде «Өзбек-Қазақ» аталуы табиғи құбылыс екенін аңғару қиынға соқпайды. Сонымен қатар Шыңғыс хан ұрпақтары Қыпшақ даласында түркінің мәдени-рухани кеңістігінде әбден ассимиляцияға ұшырап түркіленіп кеткенде «Өзбек» атауына ие болған сияқты. Оған айғақ аталған тарауда автор Мұхаммед Шейбанидың түркі тілінде сөз сөйлегенін жазады.

Фәзлолланың кітабының жоғарыда аудармасын жасаған тараудың мазмұнына үнілгенде автордың мақсаты Мұхаммед Шейбаниды ирандағы Сәфи әулеттері мемлекеттің ресми мәзһабын шииттік деп жариялап, әрі сол кезге дейін сүнни мәзһабта болып келген Иран елін қырқынға ұшыратып келе жатқанына қапалы болғандықтан оларға қарсы соғысу әлде қайда қазақтармен соғысудан дұрысырақ болар екенін түсіндіргісі келіп тырысып жүргенін байқай аламыз. Мұхаммед Шейбани сол кездерде Фәзлолланың идеясына дұрыс көңіл бөліп, төңірегіне байыптылау қарай білгенде өзі Сәфиермен шайқаста жеңіліп, сондай аянышты қазаға ұшырамай қалуы мүмкін еді. Ал, ол болса қазақпен жауласып жүріп көптеген қуатын жойып алды. Дұрысы Қазақ пен Өзбектің өз-ара қақтығысуы екі жаққа бірдей зиянға ұшыратты. Бұл жайытты тарихи шындық һәм тарихи сабақ деп қарауға болады.

Бұл кітап қазақ халқының тыныс-тіршілігін, ұлт болып қалыптауын, хандық құрып жеке-дара ел болуын тереңірек зерттеуге аса зор үлес қоса алады. Бұл жайды замандасы Мырза Хайдардың кітабымен салыстырып байқауға болады. Мәселен Мехманнаме Бұхара» кітабы 1508 жылы жазылды. Ал, «Тарих-и Рашиди» 1542-1546 жылдар аралығында жазылды. Яғни Фәзлolla кітабын қырық жылға жуық бұрынырақ жазғанын көреміз. «Екіншіден- «Мехманнаме Бұхара» еңбегінің авторы Фәзлolla ибн Рузбехан Хәнжи қазақ даласындағы Сығанақ, Сайрам, Йәсі сынды қалалары мен қазақ халқының тұрмыс- тіршілігін, кең даласын өз көзімен көріп, көргендерін кітабында баяндап берген болса, «Тарих-и Рашиди» кітабының афторы Мырза Хайдар Дұғлат Қазақ хандығы мен салты туралы жазғандарын сенімді көрген кісі Саид ханнан естігендерін жазған. Әрине бұл жерде Фәзлolla Мұхаммед Шейбанидің жақтаушы һәм дәріптеушісі болғандықтан көп жайытта шейбани мен қазақтар арасында болған шайқастарды битарап көзбен қарап жазбағаны да ықтимал деп қарауымыз керек. Фәзлolla мен Мырза Хайдардың ұқсастықтары да бар. Мәселен екеуі де мұсылманның сүнни мәзһабын берік ұстанған, әрі барлық саналы ғұмырларын дін жолына жұмсаған. Сондай-ақ екеуі де парсы, түркі тілдерімен бірге Ислам қағидаттарын терең меңгерген жандар. Екеуінің де шығармалары тарихи-әдеби жанрда арнап жазылған. Бірі- Мұхаммед хан Шейбаниге, екіншісі – Саид ханның ұлына арнаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1- Фәзлolla ибн Рузбехан Хәнжи, «Мехманнаме Бұхара», баспаға дайындаған: Мәноучер Сотуде, Тегран «илми вә фәрһәнг» баспасы, 1384 һижри жылы.399б.
- 2- Мұхаммед Мүйін « фәрһәнг фарси», көп томдық, Тегран, 1371 һижри жылы.
- 3- М.Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы « Ислам ғылым халы», Алматы, 2010, 520б.

Resume

This article reviews facts of one of the writings of Fazlolla Ibn Ruzbehan Hanji named "Mehmanname Bukhara" related to kazakh history. There are facts from his biography and writings related to kazakhs as well as one chapter translated to kazakh language.

Резюме

В этой статье рассматриваются факты из "Мехманнаме Бухара" труд Фазлolla ибн Рузбехан Ханжи связанные с казахской истории. Есть факты из его биографии и труды, связанные с казахами, перевод на казахский язык одной из глав труда.